

Тамараасар Қалниязқызы Жанқұлдың 6D010300– Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту» атты диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу жұмысының өзектілігі мен оның жалпы Ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы жағдайында қоғамдық және жеке сананың қарқынды дамуы қажеттігіне сәйкес тұлғаның мемлекеттік құндылықтарды бағалауда даму ұстанымының, бағытының, қарым-қатынас жүйесінің жаңашалануына байланысты байқалып отырған әлеуметтік өзгерістер жастарды тәрбиелеу үдерісіне жаңаша көзқарасты, олардың бойына инновациялық білім мен құзыреттіліктерді қалыптастырып қана қоймай, оларды интеллектуалды тұрғыдан дамытуды талап етеді.

Оның үстіне қазіргі уақыт – бұл бәсекеге қабілеттілік дәуірі. Бәсекеге қабілеттілікті шыңдайтын сапаның бірі – интеллектуалдық болып саналады. Олай дейтініміз интеллектуалдылыққа бәсекеге қабілеттіліктің негізін құрайтын адами-тұлғалық, шығармашылық-ойлылық, жоғары саналылық, терең білімділік, асқан біліктілік, жан-жақты мәдениеттілік, өзінің күшімен табысқа, сәттілікке жету, айналасына гуманистік шығармашыл идеяларға ие адамдарды біріктіре білу, ізгілікті қоғам жасауға үлес қосу сияқты сапалар жатады.

Сондай-ақ, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «ұлттық жаңғыру ұғымы Қазақстан халқының бойларында «ұлттың салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиістігін» білдіретіндігін ескерсек, онда қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуын зерттеудің қажеттілігі артып отыр. Өйткені тұлғаның қазақ ұлттық музыкасының мазмұны мен болмысын жағымды эмоционалдық қатынас негізінде қабылдауы, сезінуі, ой елегінен өткізуі, есінде сақтауы мен зейінін шоғырландыруы барысында оның адами-тұлғалық қасиеттері, шығармашылық қабілеттері дамиды, ой-өрісі өседі. Ал бұл болса, олардың интеллектуалдық деңгейінің көтерілуіне себеп болады.

Осы мәселені диссертациялық жұмыста педагогика және психология мамандығы тұрғысынан зерттеудің, соның ішінде болашақ музыка мұғалімдерінің интеллектуалды дамуын теориялық тұрғыдан негіздеудің және оның әдістемесін жасап, жоғары педагогикалық оқу орнының оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің маңыздылығы зор.

Олай болса, Т.Қ.Жанқұлдың қорғауға ұсынып отырған диссертациялық еңбегінің «Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту» тақырыбында жазылуы, оның өзекті мәселені зерттеп отырғандығын дәлелдейді.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Диссертант зерттеу проблемасын шешу мақсатында зерттеу міндеттерін дұрыс қалыптастырған. Қойылған зерттеу міндеттерін шешу барысында оларға сәйкес ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- 1) студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың мәнін анықтап, негіздеген;
- 2) студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың құрылымдық моделін және оның мазмұн жасап, өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін анықтаған;
- 3) студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындаған;
- 4) студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуды әдістемелік тұрғыдан негіздеп, сипаттаған.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігімен шынайылығы автордың қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуының мәнін талдауымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, «интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдары қарастырылған шетелдік және республикалық ғылыми әдебиеттерді талдап қана қоймай, ондағы ойларды өз пікірімен нақтылай түсуі мен түйінді ұғымдарға өзінің анықтамаларын беруі де алынған бірінші нәтиженің негізділігін дәлелдейді.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің қазақ ұлттық музыкасы жанрларының жіктемесіне, тұлғаны интеллектуалды дамыту мүмкіндіктеріне берген жан-жақты талдауымен; студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың құрылымдық моделін жасауда және оның мазмұнын жан-жақты ашып көрсетуде отандық және шетелдік психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасаған талдауымен қамтамасыздандырылады.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы автордың «психологиялық-педагогикалық шарттар» ұғымы зерттелген психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасаған талдауымен, классикалық педагогикалық әдебиеттерді басшылыққа алуымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтап, олардың әрбірін ғылыми тұрғыда негіздеуімен дәлелденеді.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы диссертанттың 5B010600 - «Музыкалық білім» мамандығының жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, ондағы базалық және кәсіби пәндер бағдарламаларының мазмұнына жасаған талдауымен және олардағы бірқатар тақырыптар мазмұнына толықтырулар енгізуімен, «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» элективті курсының мазмұнын жасауымен және оларды практикаға ендірудің әдістемесін әзірлеуімен қамтамасыз етіледі.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Бірінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы «интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдарына өз түсініктерін беруімен анықталады. Автордың осы ұғымдардың өзара байланысын анықтауы да көңілге қонымды шыққан. Диссертацияда олардың мәні мен мазмұны толық сипатталған. Әсіресе, интеллектті зерттеуде оны «адамның ақыл-ой бастамасы мен жағымды эмоцияларының, көңіл-күйінің бірлестігіндегі ойлау мүмкіндігі» деп, алдымен анықтап алуы және осы өзекті түйіннің диссертация бойы сақталып отыруы оның алынған жаңалығының құндылығына күмән туғызбайды (1-бөлім, §1.1). Сондай-ақ, диссертанттың «*Студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытуды* олардың болашақ іс-әрекетінде кәсіби құзыреттілігін тиімді қолдануға мүмкіндік жасайтын ұлттық музыкадағы эмоционалдық-құндылықты меңгерудегі шығармашылық-бейнелі ойлау белсенділігіне бағытталған білім, білік, дағды мен тәжірибелерді, арнайы музыкалық қабілеттерді біртұтас дамыту үдерісі» деп анықтауы сенімді дәлелденген (1-бөлім, §1.2). Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуда негізге алатын әдіснамалық тұғырларды *жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық, акмеологиялық, аксиологиялық, кешендік, мазмұндық* тұрғысынан айқындаған (1-бөлім, §1.3).

Екінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы докторанттың қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың *құрылымдық-мазмұндық моделін жасауы* болып табылады. Диссертант осы модельді жасамас бұрын қазақ ұлттық музыкасының жанрларына қарай жіктемесін жасаған, оның тұлғаны интеллектуалды дамытуда басымдық танытатын түрлерін анықтаған (дәстүрлік, аймақтық-орындаушылық, халық-аспаптық және т.б.) (2-бөлім, §1.1). Т.Қ.Жанқұл қазақ ұлттық музыкасының студенттерді интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктерін саралап, негіздеп көрсеткен. Докторант осы мүмкіндіктерді негіздеуде қазақ ұлттық музыкасы шығармашылығын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану барысында студенттердің *танымдық білімі кеңейетіндігін, көзқарастарды талдауға дағдыланатындығын, музыкалық санасы, ойлауы қалыптасатындығын, қабылдауы, шығармашылығы дамитындығын, қиялы шыңдалатындығын., ақыл-ойы белсендіріліп, сезімдік-саналық қабылдау қабілеттері артатындығын* дәлелдейді (2-бөлім, §1.2).

Сондай-ақ, диссертант жасаған студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы дамытудың моделі компоненттерден, өлшемдерден, көрсеткіштерден, психологиялық-педагогикалық шарттардан, басшылыққа алатын принциптерден, әдістер мен құралдардан, жұмыс формаларынан және нәтижесінен тұрады. Ал бұл болса, автордың тақырыбын жетік біліп қана қоймай, зерттеу әдіс-тәсілдерінде де өзіндік қолтаңбасының бар екендігін танытады. Автор модельдің әрбір мазмұндық компонентін жан-жақты зерттей отырып, ғылыми тұрғыдан саралап негіздеген. Оның аталған даму компоненттерін қажеттілік-ынталандырушылық, когнитивтік, эмоционалдық-құндылықтық, іс-әрекеттік-рефлексивтік деп көрсетуі және оларға

сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) анықтауы көңілге қонымды шыққан. Диссертацияда оларға жан-жақты сипаттама берілген (2-бөлім, §3).

Автордың үшінші жаңалығының жаңа екендігін студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың *психологиялық-педагогикалық шарттарының алғаш рет* айқындалуы дәлелдейді. Ол осы шарттарды оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің субъектілік орнын қамтамасыз ету; студенттерді жеке іс-әрекетке қатыстыру; оң интеллектуалдық-дамытушылық орта мен жағымды психологиялық климат құру; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың әдістері, формалары, технологияларын белсенді қолдану; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың өзіне тән ерекшеліктерін ескеру тұрғысынан негіздейді. Аталған психологиялық-педагогикалық шарттарға диссертацияда жан-жақты талдау беріледі (3-бөлім, §1). Бұл да Т.Қ.Жанқұлдың диссертациялық зерттеуінің теориялық деңгейінің жоғарылығын айғақтайды.

Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалығы студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту әдістемесінің жасалуы болып табылады. Автор әдістемесі кешенділігімен ерекшеленеді. Осы мақсатта диссертант 5В010600 - «Музыкалық білім» мамандығының базалық және кәсіби пәндер бағдарламаларының мазмұнына толықтырулар енгізумен, «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» элективті курсының мазмұнын жасаумен шектелмей, олардың ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын (курс жұмысы, диплом жұмысы) белсендіруді қарастырады. Аталған оқу-әдістемелік кешендерді тәжірибелік-экспериментте тексеріп көру мақсатында аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстарда қолданылатын жұмыс формаларын, әдіс-тәсілдерін негіздейді (3-бөлім, §2, §3). Сондай-ақ автордың теориясы мен әдістемесінің біртұтастықта берілуін атап өтуге болады.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған қорытындылары мазмұнды құрылған ішкі біртұтастығымен, зерттеудің басты мақсатына сай студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуды ғылыми тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасап және оларды педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтауымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының осы тұрғыда бағытталуы оның мақсаттық ұстанымымен, диссертация құрылымының нақтылығымен, ондағы әрбір бөлімдердің өзара идеялық байланыстылығымен автордың теория мен практикаға енгізген ғылыми жаңалықтарымен сипатталады.

Диссертацияны Қазақстандық педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуымызға болады. Өйткені мұнда педагогика ғылымы тұрғысынан бүгінгі күндегі көкейкесті проблема алғаш рет теориялық-

әдіснамалық тұрғыда шешімін тауып отыр. Сондықтан оның нәтижелерін оқу-тәрбие ісінің теориясы мен практикасында пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы автордың қазақстандық және шетелдік мерзімді ғылыми басылымдарда, нөлдік емес импакт факторлы журналдарда және халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары жинағында басылым көрген. Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 10 ғылыми еңбегі жарияланған.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертацияда жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар кейбір кемшіліктер бар:

1) Диссертацияның 1.1 параграфында «интеллект» ұғымына жан-жақты талдау жасалған. Алайда, қазіргі ғылыми әдебиеттерде кеңінен қолданылып жүрген «зияткерлік», «зияттылық» түсініктеріне талдау бере кеткенде еңбектің құндылығы артпаса, кемімейтін еді.

2) ізденушінің студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту әдістемесінің аясында жасаған 5B010600 - «Музыкалық білім» мамандығының базалық және кәсіби пәндер бағдарламаларының мазмұнына қосымшалары ауқымды да жүйелі, тиімді жасалған. Осы қосымшалардың мазмұнын диссертациялық зерттеуде толықтай бергенде, еңбектің практикалық маңыздылығы бұрынғысынан да арта түсер еді.

3) диссертацияда ішінара стильдік, орфографиялық қателер кездеседі.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Осы айтылған кемшіліктер диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді. Бұл жұмыс педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерге қойылған қазіргі заман талаптарын қанағаттандырады деп санаймын. Өйткені еңбекте ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда үлкен маңызға ие бүгінгі күннің өзекті проблемасы жан-жақты шешілген. **Жанқұл Тамараасар Қалниязқызының «Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту»** атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Оның авторы Тамараасар Қалниязқызы Жанқұл 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық, деп есептеймін.

Рецензент:

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,
педагогика ғылымдарының докторы**



Қадірбаева Р.І.